

сәуір 2019 жыл

Жобаның есеп беру саясаты



European Bank
for Reconstruction and Development

МАЗМҰНЫ

I Бөлім:	Мақсаты	2
II Бөлім:	Анықтамалар	2
III Бөлім:	Қолдану аясы	5
IV Бөлім:	Бас тарту, Бірыңғай жағдай және ақпаратты жариялау	28
V Бөлім:	Өтпелі ережелер	28
VI Бөлім:	Күшке ену мерзімі	29
VII Бөлім:	Шешім қабылдау жүйесі	29
VIII Бөлім:	Шолу және есеп беру	29
IX Бөлім:	Ілеспе құжаттар	29

I Бөлім: Мақсаты

ЕҚДБ экономикалық өтудің негізгі салымшысы бола отырып, өзінің барлық инвестицияларында тұрақты дамуға жәрдемдесуге ұмтылады. Банк жобаларының экологиялық және әлеуметтік практикаларының ЕҚДБ стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Банк жобалардың оның экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес келуін талап етеді. Сонымен қоса, банк ашықтық пен есеп берушілікті арттыру, мүдделі тараптармен диалогты жақсарту және тиісті басқаруға жәрдемдесу үшін жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізу саясатына сәйкес жоба туралы белгілі бір ақпаратты жариялауға міндетті.

ЕҚДБ жобаларының есеп беруінің тәуелсіз тетігі (IPAM) де осы міндеттемелерді растайды. IPAM жеке тұлғалар немесе ұйымдар банк қаржыландыратын, зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін жобаларға қатысты көтерген

мәселелерді дербес қарастырады. Тетіктің мақсаты жобаның мүдделі тараптары арасында ақпаратты жариялаудың әлеуметтік, экологиялық және жария мәселелерін шешуге жәрдемдесу; банктің өзінің экологиялық және әлеуметтік саясатын және нақты жобаларға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатының ережелерін сақтағанын анықтау; және қолданылатын жерде, болашақта сәйкессіздіктің алдын ала отырып, осы талаптарға қатысты кез келген сәйкессіздікті жою.

IPAM бұл банктің аудит жөніндегі комитеті арқылы директорлар кеңесіне тікелей бағынатын, банктің инвестициялық операцияларынан тыс (яғни банктің басқаруынан тыс) басқарылатын тәуелсіз функция.

Бұл Саясат 2014 жылғы жобалар бойынша шағымдарды қарастыру тетігін (PCM) алмастырады.

II Бөлім: Анықтамалар

Осы Саясатта қолданылатын терминдердің келесі мағыналары бар:

Ақпаратқа қол жеткізу саясаты	ЕҚДБ-ның ақпаратқа қол жеткізу саласындағы саясаты (2019 жыл) немесе жобаны басқарма бекіткен сәтте немесе егер басқарма бекітуге өкілеттік берген болса, банк басшылығы кез келген тиісті директиваны қоса алғанда, ақпаратқа қол жеткізуге қатысты ЕҚДБ саясатының неғұрлым ертерек нұсқасы;
Жылдық есеп	осы саясаттың VIII бөліміне сәйкес IPAM дайындаған жылдық есеп;
Бағалау есебі	осы саясаттың III бөлімінің 2.3 тармағына сәйкес IPAM дайындаған бағалау есебі;
Аудит комитеті	Басқарманың аудит жөніндегі комитеті
Банк (немесе ЕҚДБ)	Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі
Басқарма	Банктің директорлар кеңесі;
Жұмыс Күні	Лондон мен тұрақты кеңселердегі банктің жұмыс істеуге ашық жұмыс күні;
Іс	осы саясатқа сәйкес оны тіркегеннен кейінгі сұратымды қарастыру;
Істер тізілімі	осы саясаттың III бөлімінің 3.1 тармағына сәйкес құрылған істер тізілімі, онымен IPAM веб-сайтында танысуға болады;
Клиент	жобаны іске асыруға жауапты жеке тұлға (тұлғалар) және/немесе ұйым (ұйымдар);

Талаптарға сәйкестікті бағалау есебі	осы саясаттың III бөлімінде, 2.6-тармағында баяндалған сәйкестікті бағалау туралы есеп;
Талаптарға сәйкестік бойынша шолу есебі	осы саясаттың III бөлімінде, 2.7-тармағында баяндалған сәйкестік бойынша шолу туралы есеп;
Экологиялық және әлеуметтік саясат	ЕҚДБ экологиялық және әлеуметтік саясаты (2019 жыл) немесе жоба бекітілген кезде қолданыста болатын неғұрлым ерте экологиялық және әлеуметтік саясат;
Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз тетігі (IPAM)	осы саясатқа сәйкес құрылған жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз тетігі;
IPAM басшысы	IPAM-ды басқаруға, осы саясатты жүзеге асыруға және осы саясатқа сәйкес IPAM жауапкершілігі болып табылатын шешімдер қабылдауға жауапты IPAM басшысы;
Басқару жөніндегі іс-әрекет жоспары (MAP)	осы саясаттың III бөлімінде, 2.7.1-тармағында баяндалған басқару жөніндегі іс-әрекет жоспары;
Мониторинг есебі	осы саясаттың III бөлімінің 2.5 немесе 2.8-тармағына сәйкес IPAM дайындаған мониторинг есебі;
Ұйым	айналасында қоғамдастықтың немесе азаматтық қоғамның нақты мүдделерін білдіретін азаматтық қоғам ерікті түрде ұйымдастыратын кез келген заңды тұлға, қауымдастық немесе топ. Ұйымдарға қоғамдық ұйымдар, азаматтық қоғам ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар, байырғы ұйымдар, бизнес қауымдастықтары мен кәсіподақтар кіреді;
Тараптар	тікелей мүдделі жеке, заңды тұлғалар және ұйымдар. Тараптар мыналарды қамтуы мүмкін (бірақ олармен шектелмейді): сұратым беретін тұлғалар; олардың өкілдері, егер бар болса; тиісті банк бөлімі, команда немесе бөлімше; клиент; жобаны қаржыландыратын басқа да ұйымдар немесе жобаны іске асыруға жауапты басқа да ұйымдар;
PCM рәсімінің ережелері	2014 жылғы жоба бойынша шағымдарды қарастыру тетігі рәсімінің ережелері;
Мәселелерді шешу есебі	осы саясаттың III бөлімінің 2.4 тармағына сәйкес IPAM дайындаған мәселелерді шешу туралы есеп;
Мәселелерді шешудің қысқаша мазмұны	осы саясаттың III бөлімінің 2.4 тармағына сәйкес IPAM дайындаған мәселелерді шешудің қысқаша мазмұны;
Сатып алу ережелері	банктің 2017 жылғы 8 қарашадағы корпоративтік сатып алу саясатында баяндалған сатып алу ережелері, тиісті директива, сондай-ақ мезгіл сайын өзгерістер енгізілетін кез келген қолданылатын рәсімдер;

Жоба қамтыған адамдар	жоба әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін ауданда тұратын бір немесе бірнеше адам жобаның тікелей немесе жанама нәтижесінен экологиялық, әлеуметтік немесе мәдени залады бастан кешіруі (немесе кешіруі мүмкін). Зиян еңбекпен және еңбек жағдайларымен; денсаулық пен қауіпсіздікпен; ластанумен; жерді иеленумен, мәжбүрлеп қоныс аударумен немесе экономикалық орын ауыстырумен; биоалуантүрлілікке, қорғалатын аудандарға әсер етумен немесе тірі табиғи ресурстарды орнықты басқарумен; материалдық немесе материалдық емес мәдени мұраның жоғалуымен немесе мүдделі тараптарды тартудың немесе ақпаратты жариялаудың жетіспеушілігіне байланысты болуы мүмкін (бірақ онымен шектелмейді);
Президент	банк президенті
Жоба	банктік қаржыландыру туралы келісімдерде айқындалған және олар үшін клиент ЕҚДБ-ны қаржыландыруды сұрататын және басқарма мақұлдаған немесе егер басқарма бекітуге өкілеттік берсе, банк басшылығы бекіткен жұмыстардың, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және/немесе қызмет түрлерінің жиынтығы;
Сұратым	осы саясатқа сәйкес сұратым берушінің IPAM-ға жіберген сұратымы;
Сұратым беруші	мән-жайларға қарай сұратым беретін жеке тұлға (тұлғалар) немесе ұйым (ұйымдар);
Өкіл	Осы саясатқа сәйкес сұратым берушінің оның атынан өкілдік етуді таңдаған кез келген адам (адамдар) немесе ұйым (ұйымдар);
Жазалау шаралары	Кез келген тұлғаға қатысты бағытталған қауіп төндіретін (тікелей немесе жанама), оны ақпаратты жасыруға, оның IPAM-мен өзара әрекеттесуіне кедергі келтіруге немесе сұратымды жіберуге немесе оның өңделуін жалғастыруға кедергі келтіретін кез келген зиянды әрекет. Жазалау нысандарына қудалау, қорқыту әрекеттері, кемсітушілік, құқықтан бас тарту, өмір сүру қаупі немесе беделі және физикалық зорлық-зомбылық қаупі, қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе түрмеге қамау жатады;
Осал адамдар	Жынысы, гендерлік сәйкестігі, жыныстық көзқарас, діні, этникалық құрамы, байырғы мәртебесі, жасы (балалар, жастар мен қарттарды қоса), физикалық немесе ақыл-ой кемістігі, сауаттылық, саяси көзқарастар немесе әлеуметтік мәртебе сияқты сипаттамаларға байланысты жобаның әсері басқаларға қарағанда теріс әсер етуі мүмкін адамдар немесе адамдар тобы. Осал адамдар және/немесе осал топтар кедейлік шегінен төмен тұратын адамдар, бір жетекшісі бар жерсіз үй шаруашылықтары, табиғи ресурстарға тәуелді қоғамдастықтар, еңбекші-мигранттар, босқындар, ішкі қоныс аударушылар немесе ұлттық заңнамамен және/немесе халықаралық жария құқықпен қорғалмайтын басқа да қоныс аударушылар сияқты осал жағдайдағы адамдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

III Бөлім: Қолдану аясы

1. ФУНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚАРУ

1.1 IPAM сұратымдарды өңдеу бойынша бірін-бірі толықтыратын, соттан тыс және келісілмеген екі функцияны орындайды:

- a) Кінәні анықтамай, сұратым негізінде жатқан экологиялық, әлеуметтік және қоғамдық мәселелерді шешу үшін сұратым берушілер мен клиенттер арасындағы диалогты қолдайтын мәселелерді шешу функциясы. IPAM мәселерді шешудің икемді, пәтуаға негізделген тәсілдерімен өзара қолайлы шешімдерді табуға көмектесу үшін бейтарап үшінші тарап ретінде жоба қамтыған адамдармен, клиенттермен және басқа мүдделі тараптармен өзара әрекеттеседі; және
- b) ЕҚДБ өзінің экологиялық және әлеуметтік саясатын немесе өзінің жобаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатының нақты ережелерін сақтағанын айқындайтын комплаенс функциясы. Осылайша, комплаенс функциясы клиенттің сәйкестігімен емес, банктің сәйкестігімен ғана айналысады. IPAM жоба қамтыған адамдармен, банк қызметкерлерімен, клиенттермен және басқа да мүдделі тараптармен банктің өзінің іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен экологиялық және әлеуметтік саясаттың қандай да бір ережесін (банктен клиенттердің міндеттемелерін бақылауды талап ететін кез келген ережені қоса алғанда) немесе жобаның ақпаратқа қол жеткізу саясатының ережесіне қатысты нақты талаптарын бұзбағанын анықтау үшін өзара іс-әрекет жасайды. Егер ЕҚДБ жоғарыда көрсетілген саясаттардың бірде-бірін сақтамайтыны анықталса, комплаенс қызметі бар бұзушылықтарды жою, болашақ бұзушылықтардың алдын алу және институционалдық оқытуға және әлеуетті өсіруге жәрдемдесу үшін банк практикасында жоба үшін нақты және рәсімдік өзгерістерді ұсынады.

1.2 **Басқа функциялар.** Сонымен қатар IPAM-да келесі мандаттар бар:

- a) Жалпы мәселелерді айқындайтын институционалдық сабақтарды анықтау, сындарлы ұсынымдар беру және ЕҚДБ-да үздіксіз оқыту мәдениетін ілгерілету. IPAM институционалдық оқыту және консультациялық функциясына қатысты толық ережелер 3.2-тармағында көрсетілген.
- b) IPAM мақсаттары, функциялары мен қызметі белгілі және түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстарын жүргізу. IPAM ақпараттық-насихаттық функциясына қатысты толық ережелер 3.2-тармағында көрсетілген.

1.3 **Нұсқаулық қағидаттары.** IPAM осы төрт функцияны келесі қағидаттарды басшылыққа ала отырып орындайды:

- a) *Тәуелсіздік және бейтараптық:* банк басшылығынан IPAM тәуелсіздігі және істің барлық мүдделі тараптарына әділ және объективті көзқарас арқылы барлық тараптардың сеніміне ие болу;
- b) *Ашықтық:* тараптарды істің қаралу барысы, тетіктің қызметі және IPAM арқылы қолжетімді нәтижелердің түрлері туралы хабардар ету;
- c) *Болжамдылық:* нақты, дәйекті үдерістер мен рәсімдерді қамтамасыз ету;
- d) *Теңдік:* барлық тараптардың құпиялылыққа қойылатын тиісті талаптарды сақтай отырып, әділ және негізделген шарттарда IPAM үдерістеріне қатысу үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс; және
- e) *Қолжетімділік:* IPAM-ды пайдалана алатын жеке тұлғалар мен топтарға белгілі болу үшін жұмыс істеу; қолжетімділік үшін кедергілерді жою; мәдени ерекшеліктер мен гендерлік факторларды ескере

отырып жұмыс істеу; және істерді құпия қарастыруу, жазалау тәуекелін бағалау және тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар арқылы IPAM-ға қауіпсіз қол жеткізуге ықпал ету.

- 1.4 ЕҚДБ-дағы есептілік - бұл IPAM-ның, банк басқармасы мен басшылығының көптеген және өзара байланысты рөлдері мен міндеттерін қамтитын бүкіл банктің қызметі. IPAM басшысы төмендегі 3.3-тармағында сипатталғандай, осы саясатқа сәйкес жобалардың есептілігі бойынша банк мандатын іске асыруын басқарады.
- 1.5 IPAM тікелей Басқармаға есеп беру арқылы тәуелсіз жұмыс істейді. Аудит жөніндегі комитеттің¹ IPAM-ға қатысты функциялары мен міндеттері осы комитеттің техникалық тапсырмасында көрсетілген. IPAM жұмысына қатысты ережелер төмендегі 3.3-тармағында көрсетілген.

2. ІСТЕРДІ ҚАРАСТЫРУ ҮДЕРІСІ


IPAM ісін қарастыру үдерісі келесі кезеңдердің кейбірін (бірақ барлығын міндетті емес) қамтуы мүмкін (1-сурет):

- a) Тіркеу
- b) Бағалау
- c) **А нұсқасы:** егер қолданылатын болса, мәселені шешу келісімнің мониторингімен жалғасатын мәселелерді шешу үдерісі және/немесе

В нұсқасы: егер қолданылатын болса, сәйкестік бойынша шолу және басқару жөніндегі іс-әрекет жоспарының мониторингімен жалғасатын сәйкестікті бағалау үдерісі (1-сурет).

¹ Аудит жөніндегі Комитет немесе басқарма осы қадағалау функциясын беретін кез келген болашақ басқару комитеті.

1-сурет: IPAM сұратымдарын өңдеу реттілігінің графиг



* Егер сұратым берушілер қажет деп тапса, мәселені шешу аяқталғаннан кейін істің сәйкестігін бағалауға мүмкіндік бар.

Істі қарастыру үдерісінің әрбір кезеңі үшін мақсаттар, критерийлер, әдістер, есептілік нәтижелері және ықтимал нәтижелер төмендегі 2-тармақта егжей-тегжейлі сипатталған.

2.1 Сұратымдарды беру

а) Кім сұратымдарды бере алады:

- Сұратымды өздерін жоба қамтыған (немесе қамтуы мүмкін) деп санайтын жеке тұлға (тұлғалар) немесе ұйым (ұйымдар) беруі мүмкін;
- Сондай-ақ, IPAM жобаға тікелей немесе жеке әсер етпейтін ұйымдар берген тіркеу өтінімдерін қабылдайды және қарастырады. Мұндай жағдайларда IPAM сұратым берудің мән-жайын ескереді және егер сұратым беруде келесі тармақтар бойынша қанағаттанарлық ақпарат ұсынылса тіркеуді жалғастырады:

- егер жоба қамтыған адамдар бар болса, сұратым берушілердің жоба қамтыған адамдармен алаңдаушылық туғызатын мәселелер бойынша өзара іс-әрекет жасау үшін жасаған күш-жігерін және сұратым беруге байланысты жоба қамтыған адамдар берген кез келген кері байланысты растау; және
- мұндай жоба қамтыған адамдардың өздері сұратым бере алмауының себептерін ұсыну.

Егер тіркелген болса, жобаға тікелей немесе жеке әсер етпейтін ұйымдар берген сұратымдар IPAM талаптарына сәйкестік функциясы шеңберінде қарастырылуы мүмкін.

- IPAM-ға сұратымды қалай жіберуге болады.** IPAM сұратымдары кез-келген жазбаша үлгіде жіберілуі мүмкін. Бұл қажет болмаса да, сұратымды қалай жазу және жіберу туралы

нұсқаулық А қосымшасында және IPAM веб-сайтында орналасқан IPAM сұратым формасының үлгісінде қол жетімді болады. Сұратымды қалай жазу және жіберу туралы нұсқаулар алу үшін IPAM-мен байланысуға болады. Сұратымдар келесі жолдармен жіберілуі мүмкін:

- i. IPAM веб-сайтында қол жетімді қауіпсіз, шифрланған IPAM сұратымының онлайн нысаны;
- ii. IPAM сұратым үлгісі (А қосымшасында қол жетімді); немесе
- iii. кез келген басқа жазбаша үлгіде;

IPAM электрондық пошта, факс, пошта немесе жеке мекен-жайы бойынша беріледі:

E-mail: ipam@ebrd.com

Телефоны: +44 7881013976

Факс: +44 20 7338 7633

Пошталық мекен-жайы:

Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз тетігі
Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі
Иксчейндж Сквер 1
Лондон қ.
Ұлыбритания
EC2A 2JN

Сұратымдар сондай-ақ ЕҚДБ өкілдіктерінің кез келгеніне жіберілуі немесе жеткізілуі мүмкін (IPAM-ға жолданған болуы тиіс, одан кейін өкілдік IPAM-ға сұратымдар жіберетін болады). Банк өкілдіктерінің мекен-жайлары келесі сілтеме бойынша қол жетімді:

<https://www.ebrd.com/contacts.html>

c) Сұратымда қандай ақпарат жазылуы тиіс.

Сұратымда келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- i. сұратымды жіберетін жеке тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні немесе ұйымның (ұйымдардың) атауы;
 - a. га. Сұратым жіберушілер сұратымда аталған кейбір немесе барлық адамдардың немесе ұйымдардың жеке басын құпия ұстауды талап етуі мүмкін. Егер сұратымда құпиялылық

туралы тікелей айтылса, IPAM сұратым берушілердің жеке деректерін қорғауға тырысады. Сұратым берушіден ол өз сұратымында құпиялылықты не үшін сұрайтынын негіздеуді ұсыну сұралады және, егер сұратым берушілер сұраса, IPAM жауап беру әрекеттерінің тәуекелін бағалау 3.1(к) тармағында көрсетілгендей құпиялылық туралы сұратумен бірге басталуы мүмкін. IPAM құпиялылықты сұратым алғаннан кейін және кез-келген жағдайда IPAM сұратымды тіркеуге қатысты шешім қабылдағанға дейін мүмкіндігінше тезірек қарастырады. Сұралған құпиялылықты сақтау үшін мүмкіндігінше барлық күш-жігер жұмсалады. Алайда, егер IPAM құпиялылықты сақтау сұратымды қарастыруға кедергі келтіреді деп негізді түрде сенсе, онда IPAM сұратым берген адамдарға дереу хабарлайды. IPAM және сұратым беруші тараптар не жалғастыру туралы келіседі, не жалғастыру туралы келісім мүмкін болмаса, IPAM үдерісті тоқтатуы мүмкін;

- ii. сұратым берушілерге арналған байланыс ақпараты (тұрғылықты мекен-жайы немесе пошталық мекен-жайы және мүмкіндігінше телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы және/немесе факс нөмірі);
- iii. ЕҚДБ инвестициялары екенін анықтау үшін жеткілікті қызығушылық танытатын жобаның сипаттамасы (мысалы, жобаның немесе клиенттің атауы, жобаның орналасқан жері немесе сектор);
- iv. жоба келтірген немесе келтіруі мүмкін деп есептелген зиянның немесе ықтимал зиянның сипаттамасы;
- v. сұратым беруде көтерілген мәселелерді шешу үшін i) сұратым берушілердің банкпен және/немесе клиентпен бірлесіп жасаған кез келген адал жұмыстың сипаттамасы және/немесе ii) мұндай жұмыстың неге жүргізілмегенін түсіндіру қажет. Егер IPAM мұндай адал жұмыс сұратым берушілер немесе жоба қамтыған тиісті адамдар үшін пайдасыз немесе зиянды деп санаса, адал ниетпен әрекет ету талабынан бас тартады.

d) **Сұратым беруге ерікті түрде қатысу.**

Бұл талап етілмесе де, егер ол белгілі болса, қажет болса немесе бар болса, сұратым берушілер сұратым беруде келесі ақпаратты ұсына алады:

- i. IPAM үдерісі арқылы қол жеткізуге тырысатын нәтижелердің сипаттамасы;
- ii. Сұратым берушілер сұратымда көтерілген мәселелерді шешу үшін мәселелерді шешу нұсқасын, сәйкестікті тексеру нұсқасын немесе екі функцияны зерделеуге мүдделі екені жайлы ақпарат;
- iii. Сұратым берушілердің пікірінше, банк сақтамаған экологиялық және әлеуметтік саясаттың немесе ақпаратқа қол жеткізу саясатының өнімділігіне немесе ережелеріне қойылатын нақты талаптар;
- iv. Сұратым беруші мен ЕҚДБ немесе клиент арасындағы байланыс туралы кез келген құжаттама;
- v. Сұратымға енгізілуі немесе оған қоса берілуі мүмкін сұратымға қатысы бар кез келген басқа ақпарат немесе материалдар. Бұған жазбаша немесе ауызша мәлімдемелер, фотосуреттер, суреттер, бейнелер, жазбалар, бұқаралық ақпарат құралдары хабарламалары немесе картографиялау кіреді (бірақ олармен шектелмейді); және/немесе
- vi. Сұратым берушілердің IPAM-мен байланысудың таңдаулы тәсілі(мысалы, электрондық пошта, телефон, факс, жіберілген пошта, WhatsApp сияқты байланыс қосымшалары немесе арнайы қорғалған байланыс арналары); және
- vii. Сұратым берушілерде кек алу тәуекелдеріне қатысты туындауы мүмкін кез келген қауіптер; немесе
- viii. Өкілдер қажет болса, сұратым берген адамдар істі қарастыру үдерісінде оларға көмектесетін өкіл тағайындай алады. Мұндай жағдайларда сұратым беруде өкілдің сұратым беруге байланысты сұратым берушілердің атынан әрекет ету

өкілеттігінің жазбаша растауы (мысалы, сұратым берушілердің қолы қойылған хат) болуы тиіс. Сұратым берушілер өздерінің өкілдерінің IPAM мен сұратым берушілер арасындағы барлық ресми хабарламалар үшін байланыс тұлғасы ретінде әрекет етуін қалайтындығын көрсетуі керек, бұл жағдайда өкілдердің байланыс ақпараты да ұсынылуы керек. Алайда, IPAM қажет болған жағдайда сұратым берушілермен тікелей байланыса алады.

2.2 Тіркеу

- a) **Мақсаты.** Сұратымды беру осы 2.2-тармағында сипатталған тексеру үдерісінің бастамасы болып табылады. Тіркеу кезеңінің мақсаты IPAM-да тіркеуді қажет ететіндігін растау үшін сұратымды тексеру және 2.3-тармаққа сәйкес сұратымды бағалау.
- b) **Критерийлер.** Сұратым келесі жағдайларда тіркеледі, егер:
 - i. 2.1(c)тармағында көрсетілген міндетті ақпаратты қамтыса;
 - ii. IPAM пікірі бойынша экологиялық және әлеуметтік саясатқа сәйкес банктің нақты міндеттемелеріне немесе ақпаратқа қол жеткізу саясатына сәйкес нақты жобалар бойынша банктің міндеттемелеріне қатысты мәселелерді көтерсе; және
 - iii. Банк жобаға қаржылық мүдделілік болуын тоқтатқан күннен бастап 24 ай ішінде (яғни толық өтеу, алдын ала төлеу, сату нәтижесінде немесе өзгеше түрде) сұратым берілген кезде банк мақұлдаған жобаға жатса.
 - a. Егер сұратым әлі мақұлданбаған операцияларға қатысты болса, IPAM банк басшылығына хабарлайды және тиісті түрде сұратым берушілер мен басқарманы аудит жөніндегі комитет арқылы хабардар етеді. Жобаны дайындау кезінде банк басшылығы сұратымды назарға алады және сұратым берушінің мәселесі қалай шешілетіні туралы IPAM-ға жазбаша хабарлайды.

- c) **Қолдану аясы және жобаның қарастырылуына тыйым салу.** Сұратым келесі жағдайларда тіркелмейді: егер сұратым 2.2(b) тармағының талаптарын қанағаттандырмаса немесе:
- i. бұл тек қана ЕҚДБ саясатының, банкті құру туралы келісімнің немесе ішкі басқару немесе кадрлық шешімдер немесе қызмет сияқты жедел емес мәселелердің барабарлығына немесе жарамдылығына қатысты болса;
 - ii. бұл табиғат қорғау органы сияқты үшінші тараптың міндеттемелеріне және оларды орындаудың банктің немесе клиенттің бақылауындағы мәселелерге емес, ұлттық талаптарға немесе елдің халықаралық құқық немесе шарт бойынша міндеттемелеріне барабарлығына ғана қатысты болса;
 - iii. егер алдыңғы сұратым беру сәтінде белгісіз жаңа дәлелдемелер немесе мән-жайлар ұсынылмаса, сұратым беруді IPAM немесе оның алдында қолданылған құралдар (жобалар бойынша шағымдарды қарау тетігі немесе тәуелсіз шағымдану тетігі) өңдеген мәселелерге қатысты болса;
 - iv. ол жеке, бәсекеге қабілетті немесе басқа артықшылық алу немесе коммерциялық немесе зияткерлік меншікке қатысты дауларды шешу мақсатында алдамшы, жеңіл немесе зиянды түрде ұсынылса; және/немесе
 - v. онда тек алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, этика, адалдық, мемлекеттік басқару, ішкі заңнама, сатып алу мәселелері, келісімшарт мәселелері немесе адами ресурстар мәселелері туралы айыптар қарастырылса:
 - a. Алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, этиканы бұзу немесе адалдық бойынша айып тағылған сауалдар банктің комплаенс қызметінің басшысына жіберілетін болады.
 - b. Сатып алуға байланысты мәселелер қозғалған сұратымдарды банктің сатып алу бөлімінің басшысына жіберілетін болады.
- d) **Тіркеуді анықтайтын басқа факторлар.** Сұратымды тіркеу сұрағын анықтаған кезде IPAM келесі мәселелерді де қарастырады:
- i. істі өңдеу сол жобаға және/немесе мәселеге қатысты сол сұратым беруші тұлғалар (немесе, егер сұратым беруші тұлғалар адамдар немесе ұйымдар тобы, топтың кейбір мүшелері болса) бастамашылық жасаған кез келген басқа үдерісті қайталай алады ма, кедергі жасай алады немесе жасай алмайды ма екенін; және
 - ii. сұратым беруші сұратымдағы дауларды шешу немесе клиенттің шағымдарын қарастыру тетігімен, бірлескен қаржыландыру мекемесінің тәуелсіз есеп беру тетігімен немесе сотта, төрелік сотта немесе дауларды шешудің басқа тетігімен көтерді ме, егер солай болса, IPAM да осы күш-жігердің мәртебесін қарастырады.
- e) **Әдіс.** IPAM сұратымның мазмұнын қарап, тіркеу сұратымын; егер мүмкін болса, сұратымға енгізілген кез-келген растайтын құжаттама; кез-келген жалпыға қол жетімді ақпарат; және/немесе банк басшылығы, клиент немесе сұратым берген адамдар ұсынған нақты жобаға қатысты немесе іске қатысты кез-келген басқа ақпаратты тексереді.
- f) **Сұратым беруді тоқтата тұру.**
- i. Егер IPAM 2.2(b) тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмейтіндіктен сұратымды тіркей алмаса, IPAM-ға сәйкес, сұратым берген адамдар бұл қатені түзете алады, IPAM сұратым берген адамдарға (немесе олардың өкілдеріне) хабарлайды. Содан кейін IPAM тіркеу туралы шешімді тоқтата тұрады және сұратым берушілерге төмендегі 3.1(n) тармағында сипатталғандай кемшілікті түзетуге және сұратымды қайта жіберуге мүмкіндік береді;
 - ii. Егер сұратым берген тұлғалар сұратымда көтерілген мәселелерді шешу үшін банкпен және/немесе клиентпен адал жұмыс жасамаса (және IPAM-ға неге осылайша жұмыс істеуге болмайтындығы туралы

қанағаттанарлық түсініктеме бермесе), IPAM жеткіліксіз ақпаратқа қатысты сұратым берген тұлғалармен кеңеседі;

а. Егер бұл талап 2.1 с)vi тармағына сәйкес жойылмаса, IPAM кейіннен сұратымды тіркеуді тоқтата алады және банк басшылығына сұратым жібере алады. Банк басшылығы IPAM басшысының қалауы бойынша көтерілген мәселелерді (3.1(n) тармағында көрсетілгендей) шешу үшін ең көп дегенде 45 жұмыс күнін жұмсайды. Тоқтата тұру кезеңінде IPAM кез-келген тоқтатылған сұратымның күйі мен барысын бақылайды. Егер Банк басшылығының немесе клиенттің атқарған жұмысы IPAM-ға сәйкес сұратымда көтерілген мәселелерді шешпесе, IPAM тоқтата тұруды болдырмауы және істі одан әрі қарау үшін сұратымды тіркеуі мүмкін. IPAM осындай шешімдер қабылдаған кезде өтініш берушілермен және банк басшылығымен кеңесетін болады.

g) **Нәтижелері.** IPAM, егер ол 2.2(b) тармағында баяндалған критерийлерге сәйкес келсе, 2.2(c) тармағында баяндалған ерекшеліктердің ешқайсысына жатпаса және егер IPAM 2.2(г) тармағында баяндалған тіркеудің басқа анықтайтын факторларын қарау аясында тіркеуді орынды деп есептесе, сұратымды тіркейді. IPAM сұратым берушілерге, банк басшылығына және клиентке өзінің шешімі туралы хабарлайды және ақпарат алу үшін басқарма мен президентке жаңа сұратымдарды тіркеуді жібереді. Қажет болған жағдайда IPAM басқармаға өзінің тоқсан сайынғы есептілігі шеңберінде немесе қажеттілігіне қарай жаңа тіркелген сұратымдар туралы хабарлай алады. IPAM тіркелген сұратымдарды IPAM істер тізілімінде жариялайды.

i. Банк басшылығы ұсынылған жаңа жобаны басқармаға немесе тиісті бекітуші тұлғаға ұсынған кезде (егер басқарма бекітуге өкілеттік берген болса), ол алдымен ұсынылған клиенттің IPAM немесе оның алдындағы құралдармен қарастырылған істің бір тарапы болғанын және IPAM-

мен бірге осы ақпараттың бар-жоғын және істі қарау нәтижесін анықтайды. Ол кеңестің немесе тиісті бекітуші тұлғаның қарастырылуына ұсынылуы тиіс.

ii. IPAM тіркелгеннен кейін, егер сұратымды қарастырудың қандай да бір кезеңінде 2.2(b) тармағында жазылған критерийлер енді орындалмағаны немесе 2.2(c) тармағында жазылған қандай да бір ерекшеліктер қолданылатыны айқын болса, іс жабылады.

2.3 Бағалау

а) **Мақсаты.** Сұратымды тіркеу осы 2.3-тармағында сипатталған бағалау үдерісінің бастамасы болады. Бұл кезеңнің IPAM үшін мақсаты:

i. сұратымда көтерілген мәселелер бойынша нақты түсінік қалыптастыру;

ii. мәселелерді шешу және талаптарды сақтау бойынша функцияларды, олардың көлемі мен ықтимал нәтижелерін тараптармен талқылау;

iii. функциялар арасында сұратым берушілердің қалауын ескере отырып, тараптардың әр функцияға қатысуға дайындығын бағалау;

iv. 2.2(d) тармағына сәйкес шағымдарды реттеу жөніндегі басқа да жұмыстардың жаңартылған күйін қарастыру; және

v. келесі жәйттарды анықтау:

a. істі қарастыру сұратым берушілер мен клиенттің (және кез келген басқа тиісті тараптың (тараптардың)) келісімі негізінде мәселені шешуге бағытталады ма; немесе

b. егер мәселені шешуді жалғастыру туралы келісімге қол жеткізілмесе, іс сұратым берушілердің тікелей өтініші бойынша сәйкестікті бағалауға жіберіледі ме; немесе

c. іс жабық болып жарияланады.

Егер тараптар мәселелерді шешуге қатысуға дайын болса және IPAM өзгеше ойламаса, бұл функция кез-келген істі сәйкестікті бағалауға жібермес бұрын орындалады.

b) **Әдіс.** IPAM істі келесідей бағалайды:

- i. сұратым мазмұнын, жағдайға байланысты сұратымға қоса берілген кез келген растайтын құжаттаманы және кез келген жалпыға қолжетімді ақпаратты назарға алады;
- ii. банк басшылығы, клиент және/немесе сұратым берген тұлғалар, жоба қамтыған басқа да тұлғалар, банк басшылығы, клиент және басқа да тиісті мүдделі тараптар сұратым берген тұлғалармен өзара іс-әрекет жасау арқылы ұсынған жобаға немесе тиісті ақпаратқа тән кез келген ақпаратты қарастырады; және
- iii. IPAM тиімді бағалау үшін қажет емес деп саналатын ерекше жағдайларды қоспағанда, жоба аймағындағы нысандарға барады.

c) **Нәтижелер және есеп беру.** Бағалау кезеңі аяқталғаннан кейін IPAM бағалау үдерісінің нәтижелерін сипаттайтын бағалау есебін жариялайды және:

- i. Егер IPAM жалғастыруды ұсынса, оны басқарма мен президентке ақпарат үшін жібереді;
 - a) Егер тараптар мәселені шешуге кірісуге уағдаласса, бағалау туралы есеп мәселені шешу жөніндегі бастамаға арналған техникалық тапсырмамен сүйемелденетін болады, онда қолданылатын ауқымдар, әдістер, бастаманы іске асыру мерзімдері, мәселені шешу үшін қажетті сараптамалық білім түрі және мәселелерді шешудің басқа да басшылық қағидаттары баяндалады. Мүмкіндігінше, IPAM техникалық тапсырманы жасау кезінде тараптармен кеңеседі немесе

- ii. Егер IPAM істі жабуды ұсынса, қарсылық болмаған жағдайда істі жабу үшін оны директорлар кеңесіне бекітуге жібереді.

Әрбір жағдайда IPAM сұратым берген адамдарға, банк басшылығына және клиентке бағалау туралы есеп береді және оны істер тізілімінде жариялайды.

2.4 Мәселелерді шешу

a) **Мақсаты.** Мәселелерді шешудің мақсаты:

- i. тараптар арасындағы диалогқа ықпал ету;
- ii. сұратымда көтерілген мәселелерді шешетін барлық тараптар үшін қолайлы шешімдер қабылдауға қол жеткізу; және
- iii. тараптар арасында келісімдер жасасуға жәрдемдесу.

b) **Әдіс.** Тараптар арасындағы мәселелерді шешуді жеңілдету мақсатында, IPAM келесі істерді атқарады:

- i. Мәселені шешуге неғұрлым қолайлы тәсілді айқындау мақсатында істің барлық мән-жайларын (көтерілген мәселелердің сипатын, олардың жеделдігін және сәттіліктің ықтималдығын қоса алғанда) назарға алады. Тәсілдер тараптармен кеңесу арқылы таңдалады және мыналарды қамтуы мүмкін: жеңілдетілген диалог, делдалдық, татуласу, ақпарат алмасу, фактілерді бірлесіп анықтау немесе қолдау көрсетілетін келіссөздер;
- ii. Егер IPAM қажет деп тапса, сатып алу ережелеріне және 3.1(i) - тармағына сәйкес диалог үдерісін қолдау және жеңілдету үшін сыртқы кеңесшілерді жалдайды; және
- iii. ЕҚДБ саясатына қайшы келетін немесе қолданылатын кез келген заңнаманы бұзатын келісімдерді қолдамайды.

c) **Тоқтату.** Мәселені шешу үдерісі кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін:

- i. IPAM тоқтата алады, егер IPAM пікірі бойынша, тараптармен кеңескеннен кейін мәселені шешу оң нәтижеге әкелмесе және/немесе егер мәселені шешу үдерісі ресурстарды тиімді пайдалануды тоқтатса, бұл жағдайда IPAM барлық тараптарды жазбаша түрде хабардар етеді; немесе
 - ii. Кез келген тарап тоқтата алады; мәселелерді шешу ерікті үдеріс болып табылады және сұратымдарды берушілер мен клиенттер кез келген уақытта одан бас тарта алады.
- d) **Есеп беру.** Мәселені шешу кезеңі аяқталғаннан кейін, IPAM:
- i. Бастаманың нәтижелерін баяндай отырып, мәселелерді шешу туралы есептің жобасын дайындайды және оны барлық тараптар арасында ақпарат үшін таратады. Егер тараптар мұны құпиялылықтың шектеулеріне байланысты қажет деп тапса, ақпаратты жариялау мақсаттары үшін мәселені шешудің қысқаша сипаттамасын дайындайды;
 - ii. Мәселені шешудің соңғы есебін немесе егер мүмкін болса, мәселені шешудің қорытынды түйіндемесін басқарма мен президентке ақпарат үшін жібереді;
 - iii. Тараптарға мәселені шешу туралы түпкілікті есеп немесе түйіндеме береді; және
 - iv. Істер тізілімінде мәселені шешу туралы есепті жариялайды (немесе егер құпиялылықтың шектеулері мәселені шешу туралы толық есепті жариялауға кедергі келтірсе, түйіндемені жариялайды).
- e) **Нәтижелері.**
- i. егер келісімге қол жеткізілсе, IPAM 2.5-тармағына сәйкес тараптар қабылдаған міндеттемелердің орындалуын қадағалайды; немесе
 - ii. егер келісімге қол жеткізілмесе немесе 2.4(c) тармағына сәйкес шарт мерзімінен бұрын бұзылса, IPAM істі жабады; немесе
 - iii. қалай болғанда да, сұартым берушілердің өтініші бойынша IPAM істі 2.6-тармағына сәйкес сәйкестікті бағалауға жібереді; және
 - iv. құпиялылықтың шектеулерін ескере отырып, IPAM банк басшылығымен және/немесе басқармамен институционалдық біліммен және сұратымнан, мәселелерді шешу бастамасынан немесе оның нәтижелерінен туындайтын тиісті ұсыныстармен бөліседі.
- ## 2.5 Мәселелерді шешу мониторингі
- a) **Мақсаты.** IPAM мәселелерді шешу арқылы тараптар қол жеткізген кез-келген келісімдердің орындалуын қадағалайды.
- b) **Критерийлер.** Мәселелерді шешу туралы келісімдер, егер олар келесі критерийлерге сәйкес келсе, орындалды деп саналады:
- i. мұндай келісімдерде тараптар алған міндеттемелер тиімді орындалады; және
 - ii. іске асыру мерзімі сақталады.
- c) **Әдіс.** IPAM мониторингі бойынша өз қызметінде келесі жұмысты атқарады:
- i. ісұратым берушілермен, клиентпен, банк басшылығымен және басқа да тиісті мүдделі тараптармен кеңеседі;
 - ii. жобалық құжаттаманы, сұратым берушілер (немесе олардың өкілдері, егер бар болса), клиент ұсынған құжаттаманы және жалпыға қолжетімді ақпаратты қарастырады;
 - iii. егер IPAM қажет деп тапса, жоба ауданындағы нысанға барады; және
 - iv. егер IPAM қажет деп санаса, нақты техникалық мәселелер бойынша кеңесшілерді жалдайды. Кеңесшілерді жалдау сатып алу қағидаларына және 3.1(i) - тармағына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

d) **Мониторинг есебі.** IPAM жылына кемінде екі рет мониторинг есептерін жариялайды, себебі:

- i. әрбір ашық іске қатысты мониторинг бойынша IPAM ағымдағы қызметін сипаттау үшін; және
- ii. IPAM тиісті мәселелерді шешу туралы келісімнің толық орындалуына қол жеткізілгенін анықтағанға дейін әр мәселені шешу туралы келісімнің орындалу күйі туралы жаңартылған ақпарат беру үшін.

IPAM тараптарға түсініктемелер үшін мониторинг туралы есеп жобаларын ұсынады және олардың мониторинг есептерін нақтылау кезінде кез-келген осындай пікірлерді қарастырады. Мониторинг туралы есептер басқармаға және президентке ақпарат үшін ұсынылады, сұратым берушілерге, банк басшылығына және клиентке ұсынылады және істер тізілімінде жарияланады. Егер қажет деп саналса, IPAM басқармаға тоқсан сайынғы есеп беру аясында немесе қажет болған жағдайда мәселелерді шешу туралы келісімдердің орындалуы туралы кез-келген мәселелер туралы хабарлайды. 2.5(b) тармағында көрсетілгендей, IPAM мәселелерді шешу туралы тиісті келісімнің толық орындалуына қол жеткізілгенін анықтағаннан кейін бақыланатын істер жабылады.

2.6 Талаптарға сәйкестікті бағалау

a) **Мақсаты.** Сәйкестікті бағалаудың мақсаты сұратымның сәйкестігін тексеруге жарамдылығын бағалау.

b) **Критерийлер.** Егер келесі критерийлер орындалса, іс сәйкестік шолуында қарастырыла алады:

- i. алдын ала қарастырылғаннан кейін, жоба сұратым берушілерге тікелей немесе жанама материалдық зиян келтіруі мүмкін (немесе жоба қамтыған тиісті адамдарға); және

- ii. банк экологиялық және әлеуметтік саясаттың қандай да бір ережесін (банктің клиенттердің міндеттемелерін бақылауды талап ететін кез келген ережені қоса алғанда) немесе жобаны бекіту кезінде қолданылатын, нақты жобаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатының ережелерін орындамауы мүмкін деген белгілер бар.

Сәйкестікті бағалау барысында кез келген уақытта банк басшылығы сәйкестікті тексеруге жарамдылық критерийлері сәйкестікті тексеруге бастамашылық етуді жеделдету үшін сақталғанымен келісе алады.

c) **Әдіс.** IPAM бағалау кезеңінде жиналған құжаттама мен ақпаратты, сондай-ақ нақты жобаға қатысты кез-келген жаңа ақпаратты және жалпыға қол жетімді ақпаратты қарап, істі бағалайды. Бұл сатыда IPAM сонымен қоса келесі қызметті атқарады:

- i. мұны сұратым берушілермен, банк басшылығымен, клиентпен және басқа да мүдделі тараптармен талқылайды;
- ii. егер IPAM экологиялық және әлеуметтік саясатты немесе ақпаратқа қол жеткізу саясатын сақтауды қамтамасыз ету үшін банк қабылдаған қадамдарды баяндай отырып, басшылықтың жауабын сұраса, банк басшылығының жазбаша жауабын қарастырады; және
- iii. егер клиент жауап жіберуге шешім қабылдаса, клиенттің сұрауына жазбаша жауабын қарастырады.

d) **Нәтижелер және есеп беру.** Сәйкестікті бағалау кезеңі аяқталғаннан кейін IPAM өзінің нәтижелерін көрсете отырып, сәйкестікті бағалау туралы есеп дайындайды және:

- i. егер ол 2.6(b) тармағында жазылған критерийлердің сақталғанын айқындай отырып, сәйкестікті тексеруге кірісуді ұсынса, оны директорлар кеңесіне және президентке ақпарат үшін ұсынады. Сәйкестікті бағалау туралы есеп сұратымда көтерілген мәселелер

негізінде дайындалған және жағдайға байланысты тексеру жүргізу үшін қажетті сараптама көлемін, әдістері мен түрін анықтайтын осындай сәйкестікті тексеру үшін техникалық тапсырмамен бірге ұсынылады. Мүмкіндігінше, IPAM техникалық тапсырманы жасау кезінде тараптармен кеңеседі немесе

- ii. егер IPAM 2.6(b) тармағында жазылған критерийлердің сақталмағанын анықтап, істі жабуды ұсынса, қарсылықтар болмаған кезде оны басқармаға бекітуге ұсынады.

Әрбір істе IPAM сұратым берген адамдарға, банк басшылығына және клиентке сәйкестікті бағалау туралы есеп береді және оны істер тізілімінде жариялайды.

2.7 Талаптарға сәйкестік бойынша шолу

- a) **Мақсаты.** Сәйкестікті тексерудің мақсаты банктің өзінің әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен экологиялық және әлеуметтік саясатты немесе бекітілген нақты жобаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатының ережелерін бұзбағанын анықтау болып табылады. Егер IPAM банк қандай да бір саясатты сақтамады деген қорытындыға келсе, IPAM осы 2.7-тармағына сәйкес банктің іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне байланысты түзетулер енгізуді ұсынады. Егер ЕҚДБ талаптарға сәйкес келмейтіні анықталса, осы кезеңнің одан арғы мақсаттары мыналар болып табылады:

- i. банкті жоба талаптарына сәйкес келтіру және сәйкессіздікті анықтауға байланысты залалды немесе ықтимал залалды жою үшін жоба бойынша нақты іс-қимылдарды ұсыну;
- ii. ЕҚДБ тәжірибесінде, рәсімдерінде, басшылығында немесе жүйелерінде қаралатын жоба бойынша да, басқа жобалар бойынша да талаптардың сақталмауының ағымдағы және болашақ жағдайларын болдырмау мақсатында енгізуге тиіс өзгерістерді ұсыну; және

- iii. институционалдық оқытуды дамытуға және әлеуетті арттыруға жәрдемдесу.

Талаптарға сәйкестігін тексеру клиенттің сәйкестігін немесе тиімділігін **бағаламайды**: ол банктің экологиялық және әлеуметтік саясатқа немесе жобаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатының жобаға тән ережелеріне сәйкестігін бағалайды.

- b) **Критерийлер.** Егер IPAM өзінің іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде банк экологиялық және әлеуметтік саясаттың қандай да бір ережесін (клиенттердің міндеттемелерін бақылауды банктен талап ететін кез келген ережені қоса алғанда) немесе жобаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатына сәйкес нақты жобаларға қатысты ережелерді орындамағанын анықтаса, банк талаптарға сәйкес келмейді деп танылады.

- c) **Әдіс.** Сәйкестікті тексеру барысында IPAM істі 2.6(d) тармағында аталған техникалық тапсырма негізінде қарастырады. IPAM алдыңғы кезеңдерде жиналған құжаттама мен ақпаратты, сондай-ақ белгілі бір жобаға немесе жалпыға қол жетімді ақпаратқа қатысты кез-келген жаңа ақпаратты қарастырады. Атап айтқанда, IPAM сәйкестігін тексеру аясында келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- i. мұны сұратым берушілермен, банк басшылығымен, клиентпен және басқа да мүдделі тараптармен талқылайды;
- ii. IPAM тиімді бағалау үшін қажет емес деп саналатын ерекше жағдайларды қоспағанда, жоба аймағындағы нысандарға барады; және/немесе
- iii. егер IPAM қажет деп санаса, нақты техникалық мәселелер бойынша кеңесшілерді жадайдды. Кеңесшілерді жадау сатып алу қағидаларына және 3.1(i) тармағына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

- d) **Талаптарға сәйкестік бойынша шолу туралы есеп.** Сәйкестікті тексеру аяқталғаннан кейін IPAM сәйкестікті тексеру туралы есеп

дайындайды, онда оның тұжырымдары ұсынылады. Егер IPAM банктің экологиялық және әлеуметтік саясатты және/немесе жобаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу саясатының нақты ережелерін сақтамайтынын анықтаса, сәйкестікті тексеру туралы есеп:

- i. банктің талаптарға сәйкессіздікті анықтауға әкеп соққан нақты іс-әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) айқындайды; және
- ii. банк басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде нақты ұсыныстар береді:
 - a. жоба деңгейінде, сәйкес келтіру және сәйкессіздікті анықтаумен байланысты зиянды немесе әлеуетті зиянды жою үшін нақты іс-қимылдарды айқындау; және
 - b. рәсімдік және жүйелік деңгейлерде, банкті сәйкес келтіру және сұратымда сөз болып отырған жобада, сондай-ақ басқа да жобаларда осындай немесе ұқсас жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін ЕҚДБ тәжірибесіндегі, рәсімдеріндегі, басшылығындағы немесе жүйелеріндегі өзгерістерді айқындау.

IPAM ұсыныстары банктің немесе клиенттің жобаға қатысты алдыңғы міндеттемелерін ескереді және сұратым берушілерге экологиялық және әлеуметтік саясатта тікелей көзделетіннен тыс өтемақы беруді ұсынбауы мүмкін; және

- iii. басшылықтың іс-қимыл жоспарын дайындағаннан және бекіткеннен кейін басталуы тиіс басшылықтың іс-қимыл жоспарының мониторингін сипаттайды.

Содан кейін IPAM пікірлер алу үшін тараптар арасында сәйкестік аудиті туралы есепті таратады және сәйкестік аудиті туралы есепті аяқтаған кезде кез-келген осындай пікірлерді қарастырады.

2.7.1 Егер IPAM банкті талаптарға сәйкес келмейді деп санаса, келесі үдеріс орын алады:

- a) **Басқару бойынша іс-әрекет жоспарын әзірлеу.** Сәйкессіздік анықталған кезде IPAM басшылықтың іс-әрекет жоспарын дайындау үшін банк басшылығына сәйкестікті тексеру туралы есеп жібереді. Әрбір сәйкессіздікті анықтау үшін басшылықтың іс-әрекет жоспары мыналарды анықтайды:
 - i. сәйкестікті тексеру туралы есептің ұсынымдарына сәйкес жобаны сәйкестікке келтіру және сәйкессіздікті анықтаумен байланысты залалды немесе ықтимал залалды жою үшін банк орындауға тиіс жоба бойынша нақты іс-әрекеттер;
 - ii. сәйкестікті тексеру туралы есептің ұсынымдарына сәйкес банкті сәйкес келтіру және осындай немесе ұқсас жағдайлардың (сұратымда сөз болып отырған жоба бойынша немесе басқа жобалар бойынша) қайталануын болдырмау үшін ЕҚДБ тәжірибесіндегі, рәсімдеріндегі, нұсқаулығындағы немесе жүйелеріндегі өзгерістер;
 - iii. басқару жөніндегі іс-әрекет жоспарында көзделген міндеттемелерді орындау үшін орындалуы қажет іске асыру жоспары мен кестесі; және
 - iv. басқару жөніндегі іс-әрекет жоспарын іске асыру үшін қажетті адами және қаржылық ресурстарды бағалау.
- b) **Басшылықтың ден қою шараларын әзірлеу.** Банк басшылығы, егер ол орынды деп тапса, талаптардың сақталуын тексеру туралы есептің қорытындысына қатысты басшылықтың жауабын да дайындай алады.
- c) **Басшылықтың іс-әрекет жоспарын және басшылықтың жауабын тарату.** Банк басшылығы IPAM-да басшылықтың іс-әрекет жоспарының жобасын (және егер бар болса, басшылықтың

